

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

« 07 » 09 2022 ж./г.

№ 1

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті базасында «Телекоммуникациялар, Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)» және «Инженерия және инженерлік іс (Электр энергетикасы және Жылу энергетикасы)» мамандарын даярлау бағыттары бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (РОӘК ОӘБ - ЖБТ) оқу-әдістемелік бірлестігі-жобаларды басқару топтары отырысының хаттамасы

Төрағалық етті – С.В. Коньшин РОӘК ОӘБ–ЖБТ төрағасының орынбасары
Қатысқандар: РОӘК ОӘБ ЖБТ 38 мүшесінің 21-і

КҮН ТӘРТІБІ:

1. РОӘК ОӘБ құрамын, кадрларды даярлау бейіні бойынша ОӘБ секциясын қалыптастыру. Баяндаушы – С.В. Коньшин, РОӘК ОӘБ ЖБТ төрағасының орынбасары.

2. Бекітілген кәсіби стандарттар негізінде және "Жаңа кәсіптер атласы мен құзыреттер" жинағынан білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Баяндаушы – А.А. Кибарин, профессор, «Жылу энергетикалық қондырғылар» кафедрасының менгерушісі.

3. Әртүрлі

1. ТЫНДАЛДЫ: С.В. Коншин «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ жанындағы РОӘК ОӘБ ЖБТ «Телекоммуникациялар, Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)» және «Инженерия және инженерлік іс (Электр энергетикасы және жылу энергетикасы)» мамандарын даярлау бағыттары бойынша жаңартылған құрамын ұсынды Ол сондай-ақ жаңартылған құрам АЭЖБУ құрамындағы өзгерістерді ескере отырып, РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелеріне алдын ала жіберілгенін және болашақта егер ОӘБ құрамына кіретін басқа жоғары оқу орындарынан қандай да бір мүшелерді қосу немесе

алып тастау бойынша ұсыныстар болса, РОӘК ОӘБ ЖБТ жазбаша түрде ресімделуі тиіс екенін хабарлады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

РОӘК ОӘБ ЖБТ құрамы бекітілсін (тізім қоса беріліп отыр).

Дауыс беру нәтижесі: жақтағандар – 21, қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: А.А. Кибарин, профессор, «Жылу энергетикалық қондырғылар» кафедрасының менгерушісі РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшесі баяндама жасады. Ол бекітілген Кәсіби стандарттар негізінде және «жаңа кәсіптер атласы мен құзыреттер» жинағынан білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеуді қазіргі қоғамда болып жатқан процестер тұрғысынан қарастыру қажет, олар әр түрлі сипатта болады, бірақ ақпараттандыру, жаһандану, әлеуметтік өзгерістер қарқынын жеделдету алдыңғы қатарға шыққанына қарамастан – бұл әрдайым қызметтің барлық түрлеріне, соның ішінде әр түрлі саладағы мамандардың кәсіби қызметіне әсер етеді, яғни психологтар атап өткендей, жаңа еңбек қызметі қалыптасуын атап өтті.

Университеттен шыққан студенттер оның құзыретіне қойылатын талаптарды үнемі жаңартып отыруға дайын болуы керек. Қазіргі уақытта қызметкерлердің біліктілігінің ұлттық жүйесін ауқымды жаңарту және кәсіби стандарттар жүйесін қалыптастыру жүріп жатыр деді.

Ол сондай-ақ ББ әзірлеудің негізгі күрделілігі құзыреттілікті дамыту мәселелері мен біліктілікке қойылатын талаптардан тұратынын, яғни ББ әзірлеумен айналысқан кезде көптеген стандарттардың әзірлену үстінде екендігіне байланысты көптеген сұрақтар туындайтынын және біз көргіміз келетін көптеген бағыттар бойынша стандарттар мүлдем жоқ екенін айтты.

Ол 6В07103 – жылу энергетикасын әзірлеу кезінде олар жүзеге асырған тәсілге тоқталды. Мұнда мемлекеттік және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес оқыту нәтижелері маман қызметінің әртүрлі аспектілерін қозғайды, білім беру бағдарламаларында оқу нәтижелерінен басқа, құзыреттер де әзірленді, бұл әмбебап, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттер.

Сондай-ақ, А.А. Кибарин энергетика саласындағы жаңа мамандықтардың атласын мысалға келтірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақпарат назарға алынсын.

3. Әртүрлі

ТЫҢДАЛДЫ: С.В. Коньшин, РОӘК ОӘБ ЖБТ төрағасының орынбасары «Оқытудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша базалық құзыреттер (оқыту нәтижелері) тізбесін бекіту» мәселесі бойынша қатысушыларды базалық құзыреттер тізбесімен таныстырды. №2 қосымша қоса беріледі.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Оқытудың жетекшілік ететін бағыттары бойынша базалық құзыреттердің (оқыту нәтижелерінің) тізбесі бекітілсін (№2 қосымша қоса беріліп отыр).

Дауыс беру нәтижесі: жақтағандар – 21, қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.
Қаулы бірауыздан қабылданды.

РОӘК ОӘБ-ЖБТ
төрағасының орынбасары

РОӘК ОӘБ ЖБТ хатшысы



С. Коньшин

Л. Утешкалиева